

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 684 жарлығын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 13 шілде 1992 ж. N 597. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен. ~P961620

Ұйымдасқан нысандағы қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен және контрабандамен күресті күшейту, республиканың хұқық қорғау органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқармасының штаттық қызметкерлерінің саны 800 адам болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Бас басқармасы туралы Ережені бекітсін; Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Бас басқарма қызметкерлерінің материалдарды, қылмысты істерді, оперативті және басқа ақпараттарды сұратып алу тәртібін белгілесін, осы аталған қызмет қызметкерлерін оларға жүктелген тікелей міндеттерін атқару үшін пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Бөлінген қаржы шегінде ішкі істер органдарының басшылары мен олардың тергеу және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарларының лауазымдық жалақылары, 30 процентке дейін; Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Бас басқарма қызметкерлерінің барлық санаттарының, аталған басқармаға, бекітілген жүргізуші-қызметкерлердің лауазымдық жалақылары 30 процентке дейін; штаттағы анықтау қызметкерлерінің және тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің барлық санаттарының, аталған бөлімшелерге бекітілген жүргізуші-қызметкерлердің лауазымдық жалақылары 30 процентке дейін; ішкі істер органдарының жедел және сараптау бөлімшелері, кезекті бөлімдері қызметкерлерінің, аталған бөлімшелерге бекітілген жүргізуші-қызметкерлердің лауазымдық жалақылары 25

процентке дейін өсірілсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің
1995.04.07. N 433 қаулысына сәйкес.

4. 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне N 1 қосымшаға сәйкес оперативтік және криминалистік техника, байланыс құралдарын, қару-жарақ пен жеке қорғаныс құралдарын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының валюта қорынан қажетті қаржы бөлінсін.

5. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі, қорғаныс министрлігі, Байланыс министрлігі N 2 қосымшаға сәйкес 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқармасы мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін қажет деген мөлшерде автокөлік, арнаулы және ұйымдастыру техникасын, байланыс құралдарын және басқа да техникалық құралдар бөлетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі, Кеден комитеті, Сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен, Бас прокуратурасымен, Жоғары төрелік сотымен, банк, қаржы және салық органдарымен бірлесе отырып, 1992 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде:

- Республикадағы мемлекеттік басқару органдарын ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа және контрабандыға қарсы күрес проблемалары бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуді жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасын;

- ақпараттық полиция жүйесін құру тәжірибесі бар шетел фирмаларын тарта отырып, бұларда Достастық (ТМД) елдерінің осындай жүйесіне, "Интерпол" халықаралық ақпарат жүйесіне шығуды, ұйымдастыру шешімін талап ететін басқа да мәселелерді көздейтін республикалық автоматтандырылған мәлімет банкін құру жөнінен техникалық тапсырма мен жобалық-сметалық құжаттама әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Байланыс министрлігі қажетті қаржы мен материалдық-техникалық құрал-жабдық бөлсін, бөлінген байланыс желілерін техникалық тапсырма мен жобалық-сметалық құжаттаманың талаптарына орай қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, облыстық және Алматы қалалық әкімдері 1992 жылдың 1 қазанына

дейін ұйымдасқан қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен және контрабандымен күрес жүргізетін бөлімшелердің қызмет және техникалық бөлмелерге деген талап-тілегін қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қызметтік тұрғын жайларды беру мен пайдалану тәртібі туралы Нұсқауды және қызметтік тұрғын жайлар берілетін қызметкерлер категориясының тізбелерін бекіту туралы" 1986 жылғы 25 желтоқсандағы N 488 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., N 2, ст. 9; 1987 ж., N 14, ст. 52; 1987 ж., N 23, ст. 96; 1988 ж., N 4, ст. 23; 1988 ж., N 13, ст. 67; 1988 ж., N 19, ст. 104; 1989 ж., N 2, ст. 9; 1989 ж., N 17, ст. 67; 1990 ж., N 15, ст. 86; 1991 ж., N 14, ст. 22-23) бекітілген қызметтік тұрғын жайлар берілетін қызметкерлер категориясы тізбесінің 12-тармағы мынадай редакцияда берілсін.

"12-тармақ. Ішкі істер министрлігінің, прокуратура органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеушілері, милицияның учаскелік инспекторлары, Ішкі істер министрлігінің ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерінің орта және аға басшы құрамы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сыбайлас жемқорлықпен және контрабандымен күрес жөніндегі бөлімшелерінің әскери қызметшілері, сот орындаушылары мен мемлекеттік нотариустар".

9. Жергілікті әкімдер жергілікті Кеңестердің тұрғын үй қорынан 1992 жылы және одан кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқарманың және тергеу-оперативтік бөлімшелерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері үшін қызметтік тұрғын жайлар бөлсін.

/10-шы тармақ/ <*>

Ескерту. 10-шы тармақ күшін жойған - ҚРМҚ-нің 1995.08.28.

N 1192 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп ұйымдасқан қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті жандандыруға бағытталған заң жобасын әзірлеп, 1992 жылдың 1 қазанына дейін Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 13 шілдедегі

N 597 қаулысына

N 1 қосымша

Импорт арқылы алынатын арнаулы техника
құралдары мен қару-жараққа деген

Қажеттілік

(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 13 шілдедегі

N 597 қаулысына

N 2 қосымша

Автокөлікке, жеке қорғаныс құралдарына,
радиостанцияларға, есептеу, бейне-кино, дыбыс
жазатын, криминалистік және басқа техникаға деген

Қажеттілік

(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 13 шілдедегі

N 597 қаулысымен

Бекітілген

Ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа
және контрабандыға қарсы күреске жәрдемдесудің
арнайы республикалық бюджеттен тыс қоры туралы

Ереже

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17
наурыздағы "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және де
ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа және контрабандыға қарсы
күресуші оперативті және тергеу бөлімшелерінің қызметін
материалдық-техникалық және қаржы жағынан қамтамасыз етуге жәрдемдесетін
қордың (бұдан әрі - қор) негізгі міндеттерін, мақсаты мен хұқығын анықтайды.

2. Қор құрылтайшылары: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі,
Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратурасы, Кеден комитеті.

3. Қор Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы "
Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту

жөніндегі шаралар туралы" Жарлығының 4-бабына сәйкес, мемлекеттік қарсы қылмыстан келген шығынның орнын толтыру қаржысының 30-проценттік бөлшегінен, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатудан және сот шешімі бойынша қылмыстық топтардан алынған және тәргіленген автокөлік, радиоэлектрондық құралдар, дыбыс және бейнетехникалар, электронды-есептеу құрылғысы, ұйымдастыру ісінің техника құралдары және тағы басқа мүліктерден құралады.

4. Қор заңды ұйым болып табылады, хұқықтармен пайдаланады және Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің бүкіл территориясында және шет елдерде өзінің қызметіне байланысты міндеттерді орындайды. Қордың дербес балансы, жарғылық қоры, банкіде есеп айырысу және валюталық есебі, елтаңба белгіленген мөрі мен бұрыштама штампы бар.

5. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа да нормативті актілерін, халықаралық хұқық актілерін және осы ережені басшылыққа алып отырады.

6. Қордың негізгі міндеттері:

ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа және контрабандыға қарсы күресуші оперативті және тергеу бөлімшелерін материалдық-техникалық және қаржы жағынан қамтамасыз ету;

осы бөлімшелер үшін мамандар даярлауды қаржыландыруға қатысу;
қайырымдылық қызмет.

7. Өзінің негізгі міндеттерін орындау үшін қор:

Қазақстан Республикасының территориясында заңды ұйым хұқын пайдалана отырып, филиалдар, бөлімшелер және өкілдіктер ашуға, қайта құруға және жоюға;

инвестициялық, сақтандыру және басқа қорларға, холдинг компанияларға, қызметі қордың міндеттеріне сай келетін басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға құрылтайшы немесе қатысушы болуға;

шарттар жасасуға, мүлікті сатып алуға және жалға алуға, сатуға және біреуге беруге;

қордың қызметіне қажет сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;
жарнама және баспа қызметін жүзеге асыруға;

шет мемлекеттерде жұмыс істеу, оқу, қайта даярлау және мамандығын арттыру үшін мамандар жіберуге;

қайғылы оқиға және зілзала нәубеті кезінде хұқық тәртібін қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне қайырымдылық көмек жасауға;

қор бөлетін қаржының жұмсалуды бақылауға;

республикалық, халықаралық осындай қорлармен қолдау және дамыту

мәселелері жөнінде ынтымақтасуға;

смета шегінде құрылымды штат кестесін және қызметкерлердің жалақысын дербес белгілеуге;

өндірістік, коммерциялық, делдалдық және қолданылып жүрген заңға қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға хұқылы.

8. Қор қаржысын қалыптастыру көздері:

а) мемлекетке қарсы қылмыстан келген шығынның орнын толтыру қаржысының 30 проценттік бөлшегінен, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатудан және сот шешімі бойынша қылмыстық топтардан алынған және тәргіленген автокөлік, радиоэлектрондық құралдар, дыбыс және бейнетехникалар, электронды-есептеу құрылғысы, ұйымдастыру ісінің техника құралдары және тағы басқа мүліктер;

ә) консультациялық, әдіскерлік және баспа жұмыстарынан, сондай-ақ бағалы қағаздардан түскен табыс;

б) ерікті жарналар және қайырымдылық қаржылары;

в) Қазақстан заңдарына қайшы келмейтін басқа да көздер.

9. Қорға оперативті басшылық жасау үшін құрылтайшылар жиналысында қордың басқармасы, тексеру комиссиясы және президенті сайланады.

10. Қорды қайта құру және жою Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 13 шілдедегі
N 597 қаулысымен
Бекітілген

Хұқық қорғау органдарына соттың шешімімен алынған және тәргіленген автокөлікті, радиоэлектрондық құралдары, дыбыс және бейнетехникаларды, электронды-есептеу құрылғыларын, ұйымдастыру ісінің техникасын беру, сондай-ақ мемлекетке қарсы қылмыстан келген нұқсанның орнын толтыру қаржысының 30 процентін аудару тәртібі туралы

Нұсқау

Осы Нұсқау хұқық қорғау органдарына соттың шешімімен алынған және тәргіленген автокөлікті, радиоэлектрондық құралдарды, дыбыс және бейнетехникаларды, электронды-есептеу құрылғыларын, ұйымдастыру ісінің техникасын берудің, сондай-ақ мемлекетке қарсы қылмыстан болған нұқсанның орнын толтыру сомасының 30 процентін, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатуда түскен қаржыны Мамандандырылған

республикалық бюджеттен тыс қордың және жергілікті жерлерде оның бөлімшелерінің есебіне аударудың хұқылық негіздерін, ережелері мен тәртібін анықтайды.

I. Жалпы ережелер

1. Республиканың хұқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын дамыту және оның қызметін қаржы жағынан қамтамасыз ету үшін қылмысты топтардан тартып алынған және соттың шешімімен тәртіленген автокөлік, радиоэлектрондық құралдар, дыбыс және бейнетехника, электронды-есептеу құрылғылары, ұйымдастыру ісінің техникасы және басқа бұйымдар. Сондай-ақ мемлекетке қарсы қылмыстан келген нұқсанның орнын толтыру сомасының, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатудан түскен қаржының 30 проценті пайдаланылады.

2. Соттың шешімімен автокөлік, радиоэлектрондық құралдар, дыбыс және бейнетехникалар, электрондық-есептеу құрылғылар, ұйымдастыру ісінің техникасы және басқа мүлікті алу және тәртілеу ұйымдасқан топтың немесе сотталушының жеке немесе ұжымдық меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін хұқық қорғау органдарының меншігіне басы бүтін алып қоюды білдіреді.

3. Тәртіленген автокөлік, радиоэлектрондық құралдарды, дыбыс және бейнетехниканы, электронды-есептеу құрылғыларын, ұйымдастыру ісінің техникасын және басқа мүлікті алу және беру кезінде пайда болатын хұқықтық қатынастар қылмыстық істер жүргізу заңымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 684 Жарлығымен, қолданылып жүрген нормативтік актілермен, сондай-ақ осы нұсқаумен реттеледі.

4. Заң бойынша өндіріп алуға жатпайтын мүлікті алуға және тәртілеуге болмайды.

II. Тәртіленген мүлікті алу және хұқық қорғау органдарына беру, сондай-ақ мемлекетке қарсы қылмыстан келген нұқсанның орнын толтыру сомасының 30 процентін аудару тәртібі

5. Мүлікті тәртілеу және беру сот үкімі, қаулысы немесе шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана жүргізіледі.

6. Тәртіленген мүлікті алудың және берудің әрбір фактісі бойынша құрама іс қағаздары жасалуы керек, оның ішінде мыналар болуға тиіс:

а) сот үкімінің немесе шешімінің көшірмесі, немесе мүлікті алып қою және

тәргілеу туралы жерінен, оны мамандандырылған республикалық бюджеттен тыс қорға беру туралы, осы қордың есебіне мемлекетке қарсы қылмыстан келген нұқсанның орнын толтыру сомасының, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатудан түскен қаржының 30 процентін аудару туралы көшірме;

ә) алынған және берілген тәргіленген мүліктің тізімі және оның құны шығарылған бағасы;

б) актіге жазылған әрбір заттың жай-күйі мен бағасы және бүкіл мүліктің құны;

в) орындауға байланысты басқа құжаттар.

7. Хұқық қорғау органдарына берілуге немесе сатылуға тиісті тәргіленген мүліктің тізімін республикалық бюджеттен тыс қор жанынан арнайы құрылған комиссия анықтайды, оның құрамына сот орындаушылары, хұқық қорғау органдарының қызметкерлерге сондай-ақ басқа да мамандар кіреді.

8. Комиссия тәргіленген заттардың есебін алады, жай-күйі мен құнын анықтайды, және оны бөліп отырады.

9. Алынған және тәргіленген мүлік тиісті хұқық қорғау органының өкіліне сол күйінде беріледі және мүлікті алып беру туралы акті жасалады, оған комиссия төрағасының және мүлікті алушы хұқық қорғау органдарының өкілдері қол қояды.

10. Мемлекетке қарсы қылмыстан келген нұқсанның орнын толтыру сомасының, сот үкімдері негізінде республиканың меншігіне айналған мүлікті сатудан түскен қаржының 30 процентін сот орындаушысы қолданылып жүрген заңға сәйкес борышқорға қойылатын талаптардың бәрі қанағаттандырылған соң мамандандырылған республикалық бюджеттен тыс қордың есеп шотына аударады.

11. Алынған және тәргіленген мүлікті хұқық қорғау органдарына беру аяқталғаннан кейін, 30-проценттік қаржы республикалық бюджеттен тыс қорға аударылған соң іс қағаздары, алыпберу актілері мен аудару қағаздары үкім шығарған халық сотына қайтарылады.

III. Алынған және тәргіленгеніп берілген мүлікті пайдалану мен іске жарату

12. Берілетін тәргіленген мүлік негізінен ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа және контрабандыға қарсы күрес жүргізетін оперативті және тергеу бөлімшелерінде, басқа да хұқық қорғау органдарында, сондай-ақ ғылыми-зерттеу мекемелерінде, хұқық қорғау органдарының хұқықтық ақпарат жүйесінде пайдаланылады.

13. Хұқық қорғау органдары алынған және тәргіленген мүлікті дұрыс

пайдаланудың есебін жүргізіп отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК